

Құрметті төрағалық етуші!

Құрметті депутаттар!

Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі елдің 2014 жылға арналған негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерінің болжамын, мыналарды ескере отырып, нақтылады:

1. 2013 жылғы жалпы ішкі өнім көлемі бойынша Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің **жедел деректері**. Мәселен, жалпы ішкі өнімнің көлемі **33 521,2 млрд. теңгені құрады**, бұл бұрын болжанған 34 443,4 млрд. теңге көлемінен **922,2 млрд. теңгеге төмен**;

2. Қазақстанның экономика салаларының дамуының 2014 жылғы қаңтардағы деректері және мемлекеттік органдар нақтылаған экономика салаларының алдағы жылға нысаналы өсу индикаторлары;

3. Тауар нарықтардағы әлемдік бағалардың өзгеру үрдістері;

4. 2014 жылғы 11 ақпанда жүргізілген АҚШ долларына қатысты **теңге бағамын түзету**. Теңге бағамы АҚШ долларына қатысты 153 теңгеден 185 теңгеге дейін бәсеңдеу жағына қарай нақтыланды.

Ағымдағы жылы Қазақстан экономикасының негізгі өсу факторлары ішкі сұраныстың өсуі мен экспорт үшін сыртқы жағдайлардың жақсаруы болады.

2014 жылы әлемдік экономиканың 3,7% деңгейінде неғұрлым жоғары өсуі күтілуде (Біріккен Ұлттар Ұйымы, Халықаралық валюта қоры, Дүниежүзілік банк консенсус- болжамы). Бұл өсу негізінен дамыған елдердегі экономикалық өсуді қалпына келтіру есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Халықаралық ұйымдардың болжамдары бойынша 2014 жылы мұнайдың орташа жылдық бағасы **барреліне 105,1 АҚШ доллары** (болжам-консенсус) деңгейінде болады.

АҚШ долларының нығаюын ескере отырып, 2014 жылға арналған болжамды нақтылау кезінде орташа жылдық баға **барреліне 95 АҚШ доллары** болып айқындалды. Бұған дейін мұнай бағасы барреліне 90 АҚШ доллары болған.

2014 жылы елдің жалпы ішкі өнімінің нақты өсу болжамы бұрынғы 6,0% деңгейінде бағаланып отыр. Номиналды жалпы ішкі өнім **2014 жылы 39 623,7 млрд.** теңгені құрайды, бұл тамыз айында мақұлданған көрсеткішке қатысты **999,3 млрд. теңгеге жоғары**, оның ішінде:

- 2013 жылға номиналды жалпы ішкі өнім алдын ала бағалауға сәйкес **922,2 млрд. теңгеге** базаның теріс әсері есебінен;

- теңге бағамы мен мұнай бағасын **1 921,5 млрд. теңгеге** түзетудің оң әсері есебінен.

Өнеркәсіп өнімінің көлемі **2,7%-ға** өседі, ол бұған дейін болжанған мәніне **тау-кен өндіру өндірісі көлемінің 1,6 %-ға** өсуі есебінен сәйкес келеді (бұған дейін мақұлданған болжамнан 0,1 пайыздық тармаққа жоғары), **өңдеу өнеркәсібіндегі** өсім **4%-ды** құрайды (0,1 пайыздық тармаққа төмен).

Мұнай өндірісінің көлемі болжанған **83 млн. тонна** деңгейінде сақталуда.

Бұған дейінгі мақұлданған болжам деңгейінде **ауыл шаруашылығында 3,9** пайызға өсу сақталады.

Құрылыс секторы көлемдерінің өсуі бойынша болжам ұлғаю жағына қарай **2,5%-ға дейін** (мақұлданған болжамнан 0,7 пайыздық тармаққа жоғары) нақтыланды.

Болжамдар бойынша **тауарлар экспорты 86,3 млрд. АҚШ долларын** құрайды, бұл мақұлданған болжаммен салыстырғанда 1,6 млрд. долларға жоғары.

Тауарлар импорты **52,2 млрд. АҚШ долларын** құрайды, бұрын мақұлданған болжамнан 6,4 млрд. долларға төмен. Экономика салаларының тұрақты өсуін және барынша жоғары тұтыну белсенділігін көрсетілетін қызметтер саласындағы жоғары өсу қарқыны қамтамасыз етеді деп күтілуде. Бұрын мақұлданған болжам деңгейіндегі: **саудада 11,8%-ға, көлікте 7,0%-ға, ақпарат және байланыс қызметтерінде 7%-ға** өсу сақталады.

Инфляция бойынша параметрлер жылдың соңына болжанған **6-8%** дәлізінде сақталады.

Доллар бағамының 185 теңгеге дейін ұлғаюына байланысты Ұлттық қордан бөлінетін (150 теңге бағам кезінде 1 380 млрд. теңге) кепілдендірілген трансферттің 2014 жылға бекітілген мөлшері **1 480 млрд. теңгені** құрайды немесе бекітілген бюджетпен салыстырғандағы өсуге байланысты 100 млрд. теңгені құрайды (тиісті заң жобасы сондай-ақ Парламентке енгізілді).

Мемлекет басшысының тапсырмаларын уақтылы іске асыру мақсатында, макроэкономикалық көрсеткіштердің 2014 жылға нақтыланған болжамын есепке ала отырып, ағымдағы жылғы республикалық бюджеттің параметрлері нақтыланды.

Нәтижесінде, 2014 жылға арналған республикалық бюджеттің **түсімдері 6 206,1 млрд. теңге** көлемінде немесе бекітілген бюджетпен (5 773,7 млрд. теңге) салыстырғанда **432,5 млрд. теңгеге** өсумен айқындалды.

Республикалық бюджеттің кірістері (трансферттер түсімдерінсіз) бекітілген жоспардағы 4 029,4 млрд. теңгеге қарағанда **331,7 млрд. теңгеге** ұлғайтыла отырып нақтыланды және **4 361,2 млрд. теңге** құрайды.

Кірістерді:

- шикі мұнайға экспорттық-кедендік баж мөлшерлемесінің мұнайдың тоннасы үшін 60 АҚШ долларынан 80 АҚШ долларына дейін жоғарылауы және теңге бағамының долларға қатысты жалпы сомасы **303,3 млрд. теңгеге** өсуі;

- макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгеруі себебінен **191,5 млрд. теңгеге** ұлғаюы;

- өзге шығыстардың **10,7 млрд. теңгеге** өсуі факторларының есебінен **505,5 млрд. теңгеге** ұлғайту болжанады.

Сонымен бірге, кірістер **173,8 млрд.теңгеге**, оның ішінде:

- 2013 жылғы факт бойынша базаның өзгеруіне байланысты корпоративтік табыс салығының есептеуін нақтылау және жалпы қосылған құнның **115,3 млрд. теңге** сомасына, яғни 2,7%-ға төмендеуі;

- Қосылған құн салығын қайтарудың болжанатын сомаларын **50 млрд. теңгеге** ұлғайту;

- 2013 жылы астық сатып алудың **8,5 млрд. теңге** сомасына қысқаруына байланысты мемлекеттік ресурстардан астық сатудан түсетін түсімдер есебінен азаяды.

Мемлекет қаржысының фискалдық тұрақтылығын нығайту үшін және үкіметтік борышқа қызмет көрсету бойынша жүктемені одан әрі төмендету үшін қарыздар есебінен қаржыландырылатын **бюджет тапшылығын 40 млрд. теңгеге қысқарту** ұсынылады.

Нәтижесінде, бюджет қаражатының **16,3 млрд. теңге** сомасындағы бос қалдықтарды тартуды ескере отырып нақтыланған **тапшылық 918,6 млрд. теңгені** құрайды.

Түсімдер және тапшылықтың нақты азаюы бойынша нақтыланған болжамды, сондай-ақ 2013 жылғы бюджет қаражатының қалдықтарын тартуға байланысты бұрын жүргізілген түзетуді ескере отырып, 2014 жылы **республикалық бюджет шығыстары** бекітілген көлемге қатысты **408,7 млрд, теңгеге** ұлғаюмен **7 124,8 млрд. теңгені** құрайтын болады.

Жалпы, қосымша қаражат Мемлекет басшысының ағымдағы жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауында, сондай-ақ ағымдағы жылғы 14 ақпандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысында айтылған тапсырмаларды іске асыруға бағытталатын болады.

Халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарын қолдау мақсатында нақтыланған республикалық бюджет жобасында

121,6 млрд. теңге қосымша бөлу, оның ішінде **ағымдағы жылғы 1 сәуірден бастап:**

- азаматтық қызметшілердің лауазымдық жалақысына 10% мөлшерінде ай сайынғы үстеме ақыға **63,5 млрд теңгеге;**

- зейнетақылық және мемлекеттік әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін **53,4 млрд. теңгеге** (тиісті заң жобасы сондай-ақ Парламентке енгізілді);

- мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде оқитын студенттердің стипендия мөлшерін 10 %-ға, жалпы сомасы **4,7 млрд. теңгеге жоғарылату көзделген.**

«Балапан» бағдарламасының шеңберінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға **6,7 млрд. теңге** мөлшерінде қаражат бөлінетін болады.

Бұдан басқа, нақтыланған бюджет жобасында Мемлекет басшысының ағымдағы жылы қаржыландыруды талап ететін тапсырмаларын іске асыруға қаражат көзделген, атап айтқанда:

Тұрғын үй құрылысы дамуының проблемаларын кешенді шешуге қолжеткізу мақсатында «Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламасын іске асыруға қосымша **20,8 млрд теңге** сомасына шығыстар (Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі жүйесі арқылы кредиттеуге – 2,6 млрд. теңге, кезекте тұрғандар және жас отбасылар үшін жалға берілетін тұрғын үйге – 2,4 млрд. теңге, инженерлік инфрақұрылымды дамытуға – 10,3 млрд. теңге, «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы арқылы жалға берілетін тұрғын үй құрылысына – 5,5 млрд. теңгеге) көзделген.

«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту» бағдарламасының шеңберінде коммуналдық инфрақұрылымның жай-күйін жақсартуға көп пәтерлі 16 000 тұрғын үйге жылу есептеуіштерді орнатуға қосымша **8 млрд. теңге** көзделген.

Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013 – 2020 жылдарға арналған **«Агробизнес-2020»** бағдарламасын іске асыруға **17,7 млрд. теңге** сомасына шығыстар ұлғайтылды.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер бағдарламасын қаржыландыру үшін «ҚазАгро» ұлттық басқару холдингі» акционерлік қоғамын капиталдандыруға **20 млрд. теңге** сомасына ұлғайтылды.

Халықаралық міндеттемелерді орындауға **21,8 млрд. теңге сомасында** шығыстар көзделген (олардың ішінде Төтенше жағдайлар министрлігіне тікұшақтарды сатып алуға **11,2 млрд. теңге**, Сыртқы істер министрлігіне Париж қаласындағы Елшіліктің ғимаратын сатып алуға **10,6 млрд. теңге** көзделген).

ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін ұйымдастырудың және өткізудің ұлттық жоспарын іске асыру мақсатында **10 млрд. теңге** қосымша қолдау тапты.

Көлік инфрақұрылымын дамытуға («Алматы-Қапшағай» және «Астана-Теміртау» учаскелерінде реконструкциялау және жобалау-ізвестіру жұмыстарына) қосымша **15 млрд. теңге** мөлшерінде қаражат бөлінетін болады.

ЭКСПО-2017, 2017 қысқы универсиадасын өткізу шеңберінде Астана және Алматы қалаларын қолдауға және дамытуға тиісінше

15 млрд. теңгеден нысаналы трансферттер жолдау жоспарланады.

Болжанбаған, оның ішінде экономикадағы өзгерістерге байланысты туындаған жағдайларға уақтылы ден қою үшін Үкіметтің резервін **45 млрд. теңге** сомасына ұлғайту ұсынылады.

Бұдан басқа, теңге бағамын түзету нәтижесінде пайда болған шығындарды өтеу мақсатында, бюджеттің шығыс бөлігінің жеке баптарына, олардың ұлғаю жағына қарай **40,3 млрд. теңге** сомасына қайта есептеу жүргізілді. Теңге бағамын өтеу ағымдағы жылы дереу қаржыландыруды талап ететін жобалар бойынша төленетін болады. Қажет болған жағдайда, өзге жобалар бойынша өтеу 2015-2017 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде қаралатын болады.

Сонымен қатар, қаражатты неғұрлым тиімді және ұтымды пайдалану мақсатында республикалық бюджетті нақтылау жобасы шеңберінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ұсыныстары негізінде жеке бюджеттік бағдарламалар бойынша жалпы шығыстарды ұлғайтусыз бюджет қаражаты қайта бөлінген.

Құрметті депутаттар!

2014 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау жобасының негізгі параметрлері осындай.

Мемлекет Басшысымен бізге қойылған бірқатар басым міндеттердің шешілуі ағымдағы жылға арналған нақтыланған республикалық бюджет пен әлеуметтік көрсеткіштердің тиісті өзгерістері туралы заң жобаларының уақтылы қабылдануына

байланысты екенін ескеріп, Сіздердің Мәжілісте талқылау кезінде ықпал етулеріңізді және қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рахмет!